

Осы нұсқаулықтың кей бөлігі телефоныңыздың бағдарламалық жасақтамасына немесе қызметті жеткізушіге қатысты өзгеше болуы мүмкін.

**SAMSUNG ELECTRONICS**



World Wide Web  
<http://www.samsungmobile.com>

Printed in Korea  
Code No.:GH68-22770A  
Kazakh. 03/2009. Rev. 1.0



M2710

# Пайдаланушы нұсқаулығы



# Осы нұсқаулықтың пайдаланылуы

Бұл пайдаланушының нұсқаулығы ұялы телефоныңыздың қызметтері мен сипаттарына жетекшілік жүргізу мақсатына арналып жасалған. Жылдам бастау үшін "Ұялы телефоныңызға кіріспе", "Ұялы телефоныңызды жинақтау және қолданысқа дайындау", "Негізгі функцияларды қолдану" бөлімдеріне жүгініңіз.

## Нұсқаулық белгішелері

Іске кіріспес бұрын, осы нұсқаулықта кездесетін белгішелермен таныс болыңыз:



**Ескерту** – өзіңіздің немесе басқалардың жарақаттануына себепші болуы мүмкін жағдайдар




**Сақтандыру** – телефоныңыздың немесе басқа жабдықтардың зақымдануына себепші болуы мүмкін жағдайлар



**Ескерім** – жазбалар, кеңестер пайдалану немесе қосымша ақпарат



**Қараңыз** – ақпаратқа қатысты беттер; мысалы: ► 12-б. ("12-бетті қараңыз" дегенді білдіреді.)

- **Келесі** – қадам орындауыңыз үшін таңдалатын опциялар немесе мәзірлер тәртібі, мысалы: Мәзір режимінде **Хабарламалар** → **Жаңа хабарлама жазу** таңдаңыз (Мәзірді **Хабарламалар**, кейін **Жаңа хабарлама жазу** көрсетеді).
- [ ] **Тік жақшалар** – телефон клавишалары; мысалы: [  ] (Қосылу/Мәзірден шығу клавишасы)
- < > **Бұрышты жақшалар** – әр экрандағы түрлі функцияларды басқаратын сенсорлық клавиша; мысалы: <OK> (OK сенсорлық клавиша)

## Авторлық құқық туралы ақпарат

Осы құрылғы қамтитын барлық технологиялар мен өнімдерге қатысты құқықтар олардың сәйкесінше құқық иелерінің меншігі болып табылады.

- Bluetooth® Bluetooth SIG, Inc. worldwide. тіркелген сауда белгісі болып табылады — Bluetooth QD ID коды: B015150.
- Java™ Sun Microsystems, Inc сауда белгісі болып табылады.
- Windows Media Player® Microsoft Corporation тіркелген сауда белгісі болып табылады.

# CE 0168

# Мазмұны

<b>Қауіпсіздік және пайдалану туралы ақпарат.....</b>	<b>2</b>
Қауіпсіздік ескертулері .....	2
Сақтандыру шаралары .....	6
Маңызды пайдалану ақпараты.....	9
<b>Ұялы телефоныңызға кіріспе.....</b>	<b>14</b>
Қорабын ашу.....	14
Телефон құрылымы.....	15
Клавишалар .....	16
Дисплей.....	18
Белгішелер.....	19
<b>Ұялы телефоныңызды жинақтау және қолданысқа дайындау .....</b>	<b>21</b>
SIM картасын және батареяны орнату .....	21
Батареяны зарядтаңыз .....	23
Жад картасын (қосымша)енгізіңіз .....	25
<b>Негізгі функцияларды қолдану .....</b>	<b>27</b>
Телефоныңызды қосу және өшіру.....	27
Мәзірге кіру .....	28

Телефоныңызды теңшеу.....	28	Дауыс ескертуін жазу және ойнату .....	56
Негізгі қоңырау функцияларын қолдану .....	31	Суреттерді өзгерту.....	56
Хабарламаларды жіберу және көру .....	33	Суреттерді басып шығару .....	60
Контактілерді қосу және табу.....	35	Java орнатылған ойындар мен	
Негізгі камера функцияларын қолдану .....	36	қосымшаларды қолдану.....	60
Музыка тыңдау .....	37	Селкілдетіп ойна.....	61
Вебке шолу .....	40	Әлемдік уақыт көру.....	62
<b>Қосымша функцияларды қолдану .....</b>	<b>41</b>	Дабылды қою және пайдалану.....	63
Қосымша қоңырау функцияларын қолдану .	41	Калькулятор қолдану.....	64
Қосымша Телефон кітабы функцияларын		Валюталар немесе өлшем бірліктерді	
қолдану .....	44	түрлендіру .....	64
Қосымша хабарламалар ауыстыру		Кері санағыш таймер орнату .....	65
функцияларын қолдану.....	46	Секунд сағат қолдану .....	65
Қосымша музыка функцияларын қолдану...	47	Жаңа тапсырма жасау .....	65
<b>Құрылғылар мен қосымшалар</b>		Мәтіндік ескерту жасау .....	65
<b>қолдану .....</b>	<b>51</b>	Күнтізбеңізді басқарыңыз.....	66
Bluetooth сымсыз мүмкіндіктерін қолдану....	51	<b>Ақаулықтардың алдын алу.....</b>	<b>a</b>
SOS хабарламасын активтендіру және		<b>Индекс.....</b>	<b>e</b>
жіберу .....	54		
Ұялы байланысу жүйесін активтендіру .....	55		

# Қауіпсіздік және пайдалану туралы ақпарат

Қауіпті немесе заңсыз жағдайларды болдырмау мақсатында келесі қауіпсіздік ережелерін ұстаныңыз және ұялы телефоныңызды жоғары өнімділікпен қамтамасыз етіңіз.



WARNING

## Қауіпсіздік ескертулері

### Ұялы телефоныңызды балалардан және үй жануарларынан алшақ ұстаңыз

Телефоныңызды және оның жабдықтарын кішкентай балалардан немесе жануарлардан алыс ұстаңыз. Телефонның ұсақ бөлшектері жұтылған жағдайда, өңешке тұрып қалуы немесе өте ауыр жарақаттауы мүмкін.

### Есту жүйеңіздің қорғанысы



Құлақ аспабын жоғары үнділікте тыңдау есту жүйеңізді зақымдауы мүмкін. Өңгімеңізді естуге немесе саз тыңдауға жеткілікті үнділіктің ең төмен орнатуын пайдаланыңыз.

## Ұялы телефондарын және жабдықтарын сақтықпен орнату

Көлігіңізге орнатылған ұялы телефондарыңыздың немесе оларға қатысты жабдықтардың берік бекітілгендігіне көз жеткізіңіз. Телефоныңызды және оның жабдықтарын көліктің қауіпсіздік жастығы орналасқан аумақта немесе жанына қоймаңыз. Қауіпсіздік жастығы бірден желге толып кеткен жағдайда дұрыс орнатылмаған сымсыз жабдықтар ауыр жарақаттануыңызға себепші болуы мүмкін.

## Батареялар мен заряд құрылғыларын күтіммен пайдалану және орнату

- Телефоныңызға арналып жасалған тек Samsung- бекіткен батареялар мен заряд құрылғыларын пайдаланыңыз. Сәйкес келмейтін батареялар мен заряд құрылғыларын пайдалану телефоныңыздың қатты зақымдануына немесе бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Батареяларды ешқашан отқа тастамаңыз. Қолданылған батареяларды тастау жұмыстарын жергілікті ережелерге сәйкес жүргізіңіз.

# WARNING

- Батареяларды немесе телефондарды қысқа толқынды пештер, плиткалар немесе радиаторлар сияқты жылу көзі болатын құрылғылардың үстіне немесе ішіне қоймаңыз. Батареялар қатты қызып кеткен жағдайда жарылуы мүмкін.
- Батареяларды сындыруға немесе тесуге болмайды. Батареялар жоғары сыртқы қысымда жаруға болмайды. Бұл ішкі қысқа мерзімдік түйісу және қызып кету қауіпіне әкеліп соғуы мүмкін.

## Пейсмекерлер кедергісінен алшақ болу

Дайындаушылар мен Сымсыз Технология. Зерттеу жұмысының тәуелсіз зерттеу тобы берген кеңестер бойынша ықтимал кедергілерді болдырмау мақсатында ұялы телефондар мен пейсмекерлер ара қашықтығын кем дегенде 15 см (6 дюйм) етіп алыңыз. Егер ұялы телефоныңызға пейсмекер немесе басқа да медициналық құрылғы арқылы кедергілердің болуына қандайда болмасын күмәніңіз болса, шұғыл түрде телефоныңызды сөндіріңіз де, келесі нұсқаулықтар алу мақсатында пейсмекер немесе медициналық құрылғы дайындаушысымен байланысыңыз.

# WARNING

## Ұялы телефонды жарылу мүмкіндігі бар орталарда сөндіру

Телефонды жанармай толтыру орындарында (қызмет көрсету станцияларында) немесе жанармайдың немесе химиялық заттардың жанында пайдалануға болмайды. Ескерту белгілері немесе нұсқаулықтар пайда болған кезде, телефоныңызды сөндіріңіз. Телефоныңыз жанармай немесе химиялық заттар қоймасының ішінде немесе маңында және тасымал немесе жарылу қауіпі жоғары аумақтарда жарылыс немесе өрт себебі болуы мүмкін. Жанғыш сұйықтықтарды, газдарды немесе жарылғыш заттарды телефон, оның құрама бөлшектері немесе жабдықтары бар жерде сақтамаңыз немесе орналастырмаңыз.

## Қайталама әрекет бұзылуларының қаупін азайту

Мәтінді хабарларды жібергенде немесе ойындар ойнағанда, телефоныңыз бос ұстаңыз және клавишаларды жеңіл басыңыз, басылуға қажетті клавишалардың санын азайтатын арнаулы сипаттамаларды пайдаланыңыз (мысалы, үлгілер және жеңілдетілген мәтін) және жиі үзілістер жасаңыз.

# WARNING



CAUTION

## Сақтандыру шаралары

### Барлық кезде сақтықпен жүргізіңіз

Жүргізу кезінде телефонды пайдаланбаңыз және көлік жүргізу кезінде ұялы телефондармен пайдалануға тыйым салу туралы ережелерді ұстаныңыз. Қажеттілігі туған кезде, қауіпсіздікті ұлғайту мақсатында дауысты қатайту жабдықтарын пайдаланыңыз.

### Қауіпсіздіктің барлық ескертулері мен ережелерін сақтаңыз

Ұялы телефонды белгілі бір аумақтарда пайдалануға тыйым салатын кез келген ережеге бағыныңыз.

### Тек Samsung-бекіткен жабдықтарды ғана қолданыңыз

Сәйкес келмейтін жабдықтарды қолдану телефоныңыздың зақымдануына немесе бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.

### Телефонды медициналық жабдықтардың жанында сөндіріп қою қажет

Телефоныңыз ауруханалардағы немесе денсаулық сақтау орындарындағы медициналық жабдықтардың әсерінен кедергіге ұшырауы мүмкін. Медицина қызметкерлері тарапынан болған барлық ережелерді, орнатылған ескертулерді және нұсқаулықтарды орындаңыз.

## Ұшақ ішінде ұялы телефоныңызды сөндіріп қойыңыз немесе оның сымсыз жүргізілетін қызметтерін өшіріңіз

Сіздің ұялы телефоныңыз ұшақ жабдығының әсерінен кедергіге ұшырауы мүмкін. Әуежайдың барлық ережелеріне бағыныңыз және әуежай қызметкерлері талап еткен кезде телефоныңызды сөндіріп қойыңыз немесе телефонды оның сымсыз жүргізетін қызметтерін істен шығаратын күйге қосып қойыңыз.

## Батареялар мен заряд құрылғыларын зақымданудан сақтау

- Батареяларды өте суық және өте ыстық температурада жарылуға жол бермеңіз (0° C/32° F деңгейінен төмен немесе 45° C/113° F деңгейінен жоғары). Шектен тыс температура көрсеткіштері батареяларыңыздың зарядтау өнімділігі мен жарамдылық мерзімін төмендетуі мүмкін.
- Батареяларды метал нысандарымен қатынасуынан сақтаңыз, себебі, бұл заттар батареяларыңыздың + және – терминалдары арасында байланыс тудырып, батареялардың уақытша немесе тұрақты зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін.
- Зақымдалған заряд құрылғысын немесе батареяны пайдалануға болмайды.

## Телефоныңызды ұқыпты және орынды пайдаланыңыз

- Телефоныңызды ылғалданудан сақтаңыз- сұйықтықтар телефонды қатты зақымдауы мүмкін. Телефонды су қолмен пайдаланбаңыз. Сумен зақымдану телефон дайындаушысының кепілдігінен босатады.
- Телефонды оның жылжымалы бөлшектерінің зақымдануын болдырмау мақсатында шаң-тозаң, кір жерлерде пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.
- Сіздің телефоныңыз кешенді электрондық құрылғы- оны қатты зақымдап алмау үшін соғылулардан және ұқыпсыз пайдаланудан сақтаңыз.
- Телефонды бояуға болмайды. Бояу телефонның жылжымалы бөлшектерінің жылжуына кедергі келтіреді және оның жеке әрекеттерін тежейді.
- Телефонның камера жарығын немесе өз жарығын балалардың немесе жануарлардың көздеріне жақын пайдаланбаңыз.
- Телефоныңыз және оның жад карталары магниттік өріс жарылысы салдарынан зақымдануы мүмкін. Магниттік жабдықтары бар жүк кейстерін немесе жабдықтарын пайдалануға немесе телефоныңызды магниттік өріспен ұзақ уақытқа қалдыруға болмайды.

# CAUTION

## **Басқа электрондық жабдықтар кедергісін болдырмау**

Сіздің телефоныңыз пеймекерлер, құлақ аспаптары, медициналық жабдықтар мен үй ішіндегі немесе көліктердердегі басқа да электр құрылғылар сияқты қорғалмаған немесе дұрыс қорғалмаған жабдықтарға кедергі келтіруі мүмкін болатын радио жиіліктердегі (РЖ) сигналдарды таратады. Пайда болған кез келген кедергі мәселелерін шешу үшін электр құрылғыларыңыздың дайындаушылармен кеңесіңіз.



## **Маңызды пайдалану ақпараты**

---

### **Телефоныңызды қалыпты күйде пайдаланыңыз**

Телефоныңыздың ішкі антеннасымен байланысуға болмайды.

### **Телефоныңызға тек білікті мамандардың ғана қызмет көрсетуін қадағалаңыз**

Біліксіз мамандардың телефоныңызға қызмет көрсетуі оның зақымдануына және дайындаушы кепілдігінің жарамсыз етілуіне әкеліп соғады.

## Батареяның және заряд құрылғысының ең жоғарғы жарамдылығына көз жеткізіңіз

- Батареяны зарядтау мерзімінен ұзақ зарядтау оның жарамдылық уақытын қысқартатындықтан, батареяларды бір аптадан артық зарядтауға болмайды.
- Уақытынан асырылған, қолданылмаған батареялар отырып қалады және пайдаланылар алдында қайта зарядтауды талап етеді.
- Қолданыста болмаған кезде заряд құрылғыларын тоқ көзінен ажыратыңыз.
- Батареяларды өз мақсаттарында пайдаланыңыз.

## SIM карталарын және жад карталарын ұқыптылықпен пайдаланыңыз

- Телефон белгілі бір ақпаратты жіберу немесе қабылдау барысында картаны шығарып алуға болмайды, себебі, бұл әрекет деректердің жойылуына және/немесе картаның немесе телефонның зақымдануына себеп болуы мүмкін.
- Карталарды қатты соққылардан, статикалық тоқтан және басқа құрылғылардан келетін электр шуынан сақтаңыз.
- Жазу және өшіру әрекеттерінің жиі болуы жад карталарының жарамдылық мерзімін қысқартады.
- Алтын түсті байланыстарына немесе терминалдарына саусағыңызды немесе метал нысандарын тигізбеңіз. Карта кірлеген жағдайда, оны жұмсақ орамалмен сүртіңіз.

## Жедел қызметтерімен қатынасын тексеріңіз

Телефоныңыздан жедел қызмет шақыру кейбір аймақтарда немесе жағдайларда мүмкін болауы ықтимал. Қолданыс аясынан тыс немесе дамымаған аумақтарға саяхатқа шығар алдында жедел қызмет қызметкерлерімен байланысқа түсудің басқа әдісін жоспарлаңыз.

## Спецификалық Сіңіру Нормасы (ССН) куәлігі туралы ақпарат

Сіздің телефоныңыз Еуропалық Одақтың (ЕО) адам ағзасына радио және телекоммуникациялар жабдықтарынан бөлініп шығарылатын радио жиілігіндегі (РЖ) энергияның әсер ету шектемелерін белгілейтін стандарттарға сай келеді.

Мұндай стандарттар ұялы телефондардың әсер ету деңгейінен ағза клеткаларының әр килограммына 2.0 Ватт шамасында жоғарғы деңгейіндегі аумақтарда сатылуға жол бермейді. (Бұл Спецификалық Сіңіру Нормасы немесе ССН ретінде белгілі)

Сынақ барысында, осы үлгідегі ең жоғары ССН көрсеткіші әр килограмға 0.363 Ватт тіркелді. Қалыпты пайдалау кезінде ССН көрсеткіші анағұрлым төмен болады, себебі, телефонның бұл үлгісі ең жақын жерде орналасқан негізгі станцияға сигнал тарату қажетті РЖ энергиясын бөліп шығаруға ғана арналған. Төменгі деңгейлерді автоматты түрде тарату мүмкіндігі болған кезде, телефоныңыз РЖ энергиясының барлық әсерін бәсеңдетеді.

Осы нұсқаулық артындағы Сәйкестік Декларациясы телефоныңыздың Еуропалық Радио және Терминал Телекоммуникациялар Жабдығы (P және ДТТЖ) директивасына сәйкес келетіндігін көрсетеді. ССН және ЕО стандарттары туралы толығырақ ақпарат алу үшін Samsung ұялы телефонының торабына кіріңіз.

## Осы өнімді дұрыс жолмен тастау

(Электрлік және Электроникалық Жабдық қалдықтары)



(Еуропалық Одақ және басқа да жеке жинақ жүйелері бар Еуропа елдеріндегі қолданысында бар)

■ Өнімдегі, керек-жарақтардағы немесе қосымша әдебиеттегі осы таңба өнімнің және оның электрондық керек-жарақтарының (мысалы, зарядтағыш құрылғысының, құлақ аспабының, USB

кабелінің) қызмет мерзімі аяқталғанда басқадай тұрмыстық қалдықтармен бірге тасталмауы қажеттігін білдіреді. Қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зияны тиюі мүмкін бақылаусыз тасталған қалдықтарды болдырмау үшін осы заттарды қалдықтардың басқа түрлерінен бөлек айырып алыңыз да, материал ресурстарын қоршаған ортаға залалы тимейтіндей қайта қолданысқа түсіруіңізді сұраймыз.

Үй шаруасындағы пайдаланушылар өнімді қауіпсіз қайта өңдеуге жіберу үшін осы элементтерді қайдан және қалай алу жолдарын оны сатып алған сауда орнына немесе жергілікті басқару кеңсесіне хабарласуы қажет.

Іскерлік жолындағы пайдаланушылар өздерінің шығарушыларымен байланысып, сатып алу келісім-шарттарының шарттары мен ережелерін тексеруі тиіс.

Бұл өнім және оның электрондық керек-жарақтары басқа коммерциялық қалдықтармен қатар тасталмауы қажет.

## Осы өнім батареяларын сәйкесінше жою



(Еуропа Одағы мен жеке батарея қайтару жүйелері бар басқа еуропалық елдерде қолданылады)

Батареядағы, нұсқаулықтағы немесе орамдағы бұл таңба бұл өнімдегі батареяның өз қызмет ету мерзімінің соңында басқа тұрмыс қалдықтарымен бірге жойылмауы тиіс екендігін көрсетеді. Белгіленген жердегі Hg, Cd немесе Pb символдары батареядағы сынап, кадмий немесе қорғасын мөлшері 2006/66 ЕО Директивасындағы көрсетілген деңгейден асып түсетіндігін білдіреді.

Егер батарея тиісінше жойылмаған болса, бұл заттар адам денсаулығы немесе қоршаған ортаға зиянын тигізуі мүмкін.

Табиғи ресурстарды қорғау үшін және материалдық қайта пайдалануды қолдау үшін батареяларды басқа қоқыс түрлерінен ажыратып алыңыз және жергілікті, тегін батареяларды қайтару жүйесі арқылы қайта пайдаға асырыңыз.

# Ұялы телефоныңызға кіріспе

Бұл бөлімде ұялы телефоныңыздың құрылымымен, оның клавишалары, дисплейі және белгішелерімен таныса аласыз.

## Қорабын ашу

---

Өніміздің қорапшасын келесі бөлімдер бойынша тексеріңіз:

- Ұялы телефон
- Батарея
- Саяхат адаптері (зарядтау құрылғысы)
- Пайдаланушы нұсқаулығы



Телефоныңызбен бірге қамтамасыз етілетін қызмет түрлері бағдарламалық жасақтамаға және аумағыңызда қол жетерлік құрамдас бөлшек түрлеріне немесе жергілікті қызмет провайдері ұсынған бағдарламаларға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Сіз өзіңізге қажетті қосымша құрамдас бөлшектерді өзіңіздің жергілікті Samsung орталығы қызметкерлерінен ала аласыз.


## Телефон құрылымы

Телефоныңыздың алдыңғы бөлігі келесі клавишалар мен сипаттамаларды құрайды:





\* 3.5 мм микрофон құлақ аспабымен мүмкін емес.




Телефоныңыздың артқы бөлігі келесі клавишалар мен сипаттамаларды құрайды:







Телефоныңызды жабылған кезде оның клавишалардың кездейсоқ басылуларынан сақтау мақсатында телефон өздігінен кілттенеді. Телефонды кілттен босату үшін мына клавишаларды басыңыз:  
<Құлл. ашу> → <ОК>.





## Клавишалар

Клавиша	Функция
 Бейнебет батырмалары	Дисплей астында көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.
 4 бағытты навигация	Күту режимінде пайдаланушымен белгіленетін мәзірлерге өту (қызмет жеткізушіңізге байланысты пайдаланушымен белгіленетін мәзірлер түрлі болуы мүмкін); Мәзір режимінде мәзір опциялары бойымен жылжу

Клавиша	Функция
 Растау	Күту режимінде торап шолғышын жегіңіз немесе Мәзір режиміне өтіңіз; Мәзір режимінде белгіленген мәзір параметрлерін таңдаңыз немесе енгізуді растаңыз
 Артқа	Артқа өту; Файлды кері айналдыру (басып тұру)
 Ойнату	Күту режимінде әуен санаттары тізіміне өту; Күту режимінде немесе Мәзір режимінде музыкалық плеер ойнату; Ойнатуды бастау, кідірту немесе қайту


Клавиша	Функция
 Алдыға	Алға өту; Файлды алға айналдыру (басып тұру)
 Теру	Қоңырау шалыңыз немесе жауап беріңіз; Күту режимінде соңғы терілген, өткізіп алынған немесе қабылданған қоңырау нөмірлерін іздестіріңіз
 Жою	Таңбаларды немесе қосымшадағы бөлімдерді жою

Клавиша	Функция
 Қосу/ Мәзірден шығу	Телефонды іске қосу/ істен шығару (басыңыз және батырманы басулы күйде ұстап тұрыңыз); телефон соғуды аяқтау!; Мәзір режимінде енгізуді болдырмаңыз және Күту режиміне оралыңыз.
 Әріптер және сандар	Сандарды, әріптерді және таңбаларды енгізіңіз; Күту режимінде дауыс поштасына қатынасу мақсатында [1] басып, ұстап тұрыңыз және халықаралық қоңырау соғы префиксін енгізу үшін [0] батырмасын біраз басып тұрыңыз

Клавиша	Функция
 	<p>Арнайы таңбаларды енгізіңіз немесе арнайы функцияларды орындаңыз; Күту режимінде [#] дыбыссыз режимі үшін басып тұрыңыз; Сандар арасына үзіліс жасау үшін [*] басып тұрыңыз.</p>
	<p>Үнділік</p> <p>Телефоныңыздың үнділігін дәлдеңіз</p>
	<p>Музыка</p> <p>Музыкалық плейерді іске қосу</p>





## Дисплей













Телефон дисплейі үш аумақтан тұрады:



## Белгішелер

Дисплейіңізде пайда болатын белгішелер туралы танысыңыз.

Белгіше	Анықтама
	Сигнал үнділігі
	GPRS желілік күйі
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Көк: GPRS желісі қосылған</li><li>• Қызыл: Дерек GPRS желісі арқылы жіберілуде</li></ul>
	EDGE желілік күйі
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Көк: EDGE желісі қосылған</li><li>• Қызыл: Дерек EDGE желісі арқылы жіберілуде</li></ul>
	Қоңырау соғу орындалуда
	Қоңырауды қайтарып жіберу активтендірілді

Белгіше	Анықтама
	SOS хабар сипаты белсендірілген
	Дабыл белсендірілді
	Құпия веб параққа қосылған
	Роуминг (қалыпты қызмет көрсету аясынан тыс)
	Bluetooth белсендірілді
	Bluetooth автоматты орнатылған жинағы немесе құлақ аспабы қосылды
	Жаңа мәтіндік хабар (SMS)
	Жаңа мультимедия хабары (MMS)
	Жаңа email хабарламасы
	Жаңа дауыс поштасының хабарламасы
	Музыка ойнатылуда
	Музыка ойнату үзіліске қойылды

**Белгіше** Анықтама

FM радио іске қосылды



Жад картасы енгізілді



Қалыпты профайл белсендірілді



Дыбыссыз профайлы белсендірілді



Батарея қорының деңгейі



Ағымды уақыт



# Ұялы телефоныңызды жинақтау және қолданысқа дайындау

Ұялы телефоныңызды алғаш қолданар алдында оны жинақтау және орнату шараларынан бастаңыз.


## **SIM картасын және батареяны орнату**

---

Ұялы телефон қызмет көрсету орталығымен шартқа отырған сәтте, Сізге тіркелу егжей-тегжейлерімен бірге Тіркелушінің Жеке Модулін (Subscriber Identity Module) немесе SIM карта беріледі. Сондай-ақ оған қоса Пайдаланушының Жеке Нөмірі (Personal Identification Number) немесе PIN және қосымша қызметтер ұсынылады.


SIM картаңызды енгізіп, батареяны орнату үшін.

1. Батареяны қаптамасынан шығарып алыңыз.




Қосулы тұрған телефонды істен шығару үшін [⏻] басып тұрыңыз.

2. SIM картасын енгізіңіз.




- SIM картасын телефонға енгізбей, желісіз қызметтерді және кейбір мәзірлерді пайдалана аласыз.
- SIM картаны телефонға алтын түсті бетін төмен қаратын енгізіңіз.

### 3. Батарейаны салыңыз.




### 4. Батарейаны қаптамасынан орнына салыңыз.



## Батарейаны зарядтаңыз

Телефонды алғаш қолданысқа енгізер алдында, телефон батареясын зарядтап алуыңыз қажет.


1. Телефонның бүйіріндегі телефонның көп функциялы ұяшығының жабынын ашыңыз.
2. Саяхат адаптерінің жіңішке ұшын қосыңыз.



Үшбұрышы бар бетін жоғары қаратып



Телефонға дұрыс жалғанбаған адаптер телефонға елеулі залалын тигізеді. Дұрыс қолданбау салдарынан туындаған заладар кепілдік қызмет көрсету шараларына енгізілмейді.

3. Саяхат адаптерінің келесі үлкен ұшын қуат көзіне енгізіңіз.
4. Батарея қуат көзімен толық қоректеніп болған соң (  белгішесі әрекетін тоқтатқан сәтте), саяхат адаптерін тоқ көзінен ажыратып алыңыз.
5. Саяхат адаптерін телефоннан суырып алыңыз.
6. Көп функциялы ұяшық қақпағын жабыңыз.




### **Батарея төмендігінің көрсеткіші**

Батарея қоры төмендеген сәтте, телефоныңыз ол туралы дабыл үнін шығарады және ескерту хабарын жібереді. Батарея белгішесі бос болады және дисплейде жанып өшіп тұрады. Егер батарея қоры тым төмен болса, телефоныңыз автоматты түрде сөніп қалады. Телефоныңызды қайта қолдануыңыз үшін батареясын қайта зарядтаңыз.


## Жад картасын (қосымша) енгізіңіз

Қосымша мультимедиа файлдарын сақтау үшін, телефоныңызға жад картасын енгізуіңіз қажет. Сіздің телефоныңыз сыймдылығы 8 ГБ дейінгі (жад картасының өндірушісі мен оның түріне байланысты) microSD™ жад картасын қабылдай алады.



1. Батареяны қаптамасынан шығарып алыңыз.
2. Батареяны шығарып алыңыз.
3. Жад картасы жабынын кілтінен босатыңыз.



4. Жад картасының жабынын көтеріңіз және жад картасын затбелгісін жоғары қаратып енгізіңіз.



5. Жад картасын жабыңыз және бұғаттаңыз.



6. Батареяны салыңыз.

7. Батареяны қаптамасынан орнына салыңыз.

Жад картасын шығару үшін, жад картасының қақпағын ашып, жад картасын шығарып алыңыз.

# Негізгі функцияларды қолдану

Негізгі операцияларды орындау және ұялы телефоныңыздың басты мүмкіндіктерін қолдану жолдарына үйреніңіз.

## Телефоныңызды қосу және өшіру

Телефоныңызды қосу үшін

1. Телефонды сырғыта ашыңыз
2. [🔓] басып тұрыңыз.
3. PIN енгізіңіз және <Растау> басыңыз (қажет болса).
4. Қондырғылар шебері ашылған кезде телефоныңызды экрандағыдай қалауыңыз бойынша теңшеңіз.

Телефоныңызды өшіру үшін жоғарыда көрсетілген 1-ші және 2-қадамды қайталаңыз.

## **Жеке профильге қосылу**

Жеке профильге қосылу арқылы телефоныңыздың желілік емес қызметтерін ұшақ пен ауруханалар сияқты сымсыз құрылғылар тыйым салынған аймақтарда қолдана аласыз.

Жеке профильге ауысу үшін Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Телефон режимдері** → **Жеке** тармақтарын таңдаңыз.



Сымсыз құрылғылар тыйым салынған аймақтарда мемлекеттік қызметтер жариялаған барлық ескертулер мен нұсқауларды орындаңыз.

## Мәзірге кіру

Телефоныңыздың мәзірлеріне кіру үшін,

1. Күту режимінде Мәзір режиміне қатынау үшін Растау клавишасын басыңыз.
2. Мәзір немесе опцияға бару үшін навигациялық клавишаны қолданыңыз.
3. Бөлектелген опцияны растау үшін Растау клавишасын, **<Таңдау>** немесе **<ОК>** клавишасын басыңыз.

4. Бір деңгей жоғары жылжу үшін **<Артқа>** басыңыз; Күту режиміне орлау үшін [**⏪**] басыңыз.

## Телефоныңызды теңшеу

Телефоныңызды қалауыңызға сай реттеу арқылы телефоныңыздың артықшылықтарын пайдаланыңыз.

### Перне үндерінің дыбыс деңгейін реттеу

Перне үндерінің дыбыс күштілігін дәлдеу үшін Күту режимінде [**▲/▼**] басыңыз.

### Дыбыссыз режиміне өту немесе одан шығу

Күту режимінде телефоныңызды дыбыссыздандыру немесе дыбысын шығару үшін [**#**] басып тұрыңыз.

## Әуеніңізді ауыстыру

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Телефон режимдері** таңдаңыз.
2. Қолданыстағы профильге барыңыз.
3. **<Опциялар>** → **Өзгерту** → **Дауысқоңырау әні** басыңыз.
4. Әуен санаты → әуен таңдаңыз.
5. **<Сақтау>** басыңыз.

Басқа профильге қосылу үшін оны тізімнен таңдаңыз.

## Телефон профилін жасау

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Телефон режимдері** таңдаңыз.
2. **<Опциялар>** → **Құру** басыңыз.

3. Профиль атауы енгізіп және Растау клавишасын басыңыз.
4. Дыбыс қондырғыларын қалауыңызша теңшеңіз.
5. Аяқтаған кезде **<Сақтау>** басыңыз.

## Этикет тынысын белсендіру

Сіз телефонды төмен қарату жолымен телефон дыбысын уақытша өшіре аласыз.

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Телефон қондырғылары** → **Этикет тынысы** таңдаңыз.
2. **Қосылған** үшін солға немесе оңға айналдырыңыз.
3. **<Сақтау>** басыңыз.

## Тұсқағаз таңдау (Күту режимі)

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Дисплей және жарықты реттеу** → **Бейнебеттің өзіндік беті** таңдаңыз.
2. **Суреттер** үшін солға немесе оңға айналдырыңыз.
3. **Тұсқағаз** → сурет санаты → сурет таңдаңыз.
4. **<Таңдау>** басыңыз.
5. **<Орн-у>** басыңыз (қажет болса).
6. **<Сақтау>** басыңыз.

## Дисплейге тақырып таңдау

Тақырып құру үшін,

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Дисплей және жарықты реттеу** → **Менің тақырып** таңдаңыз.

2. Тақырыпқа дейін айналдырыңыз және **<Таңдау>** басыңыз.

Тақырыпты құрып, қолдану үшін,

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Дисплей және жарықты реттеу** → **Менің тақырып** таңдаңыз.
2. **Құру** дейін айналдырыңыз және **<Таңдау>** басыңыз.
3. Экранға сүйене отырып, тақырыпты қалауыңызша теңшеңіз.
4. Аяқтаған кезде тақырып атауын енгізіңіз және **<Сақтау>** басыңыз.
5. Тақырыпты қолдану үшін **<Ия>** басыңыз.

## Мәзір жедел клавишалаын орнату

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Телефон қондырғылары** → **Тез кіру** таңдаңыз.
2. Жедел клавиша ретінде қолдану үшін клавишаны таңдаңыз.
3. Жедел клавишаға тағайындау үшін мәзір таңдаңыз.


## Телефоныңызды бұғаттау

1. Мәзір режимінде **Қондырғылар** → **Қауіпсіздік** → **Телефонды қілттеу** → **Қосылған** таңдаңыз.
2. Жаңа 4-8 цифрлы кілтсөз енгізіңіз және **<ОК>** басыңыз.
3. Жаңа кілтсөз енгізіңіз және **<ОК>** басыңыз.


## Негізгі қоңырау функцияларын қолдану

Қоңыраулар шалу немесе жауап беру және қоңырау функциясын қолдануға үйреніңіз.

### Қоңырау шалу

1. Күту режимінде аймақ кодын немесе телефон нөмірін енгізіңіз.
2. Нөмірді теру үшін [

### Қоңырауға жауап беру

1. Қоңырау келіп түскенде [31

## Дауыс күшін реттеу

Қоңырау кезіндегі дыбыс қаттылығын реттеу үшін [▲/▼] басыңыз.

## Дауыс зорайтқыш қолдану

1. Қоңырау кезінде дыбыс зорайтқышты активтендіру үшін Растау клавишасын басыңыз.
2. Құлақ бөлігіне қайта оралу үшін Растау клавишасын қайта басыңыз.



Шулы ортада дыбыс зорайтқыш мүмкіндігін қолдан укезінде қоңырауды есту қиын. Жақсырақ жұмыс жасауы үшін қалыпты телефон режимін қолданыңыз.

## Құлақ аспап қолдану

Телефонға жеткізілген құлақ аспапты қосу арқылы қоңырау шалуыңызға және жауап беруіңізге болады:

- Соңғы қоңырауды қайта теру үшін құлақ аспап түймесін басыңыз және одан кейін қайта басып, ұстап тұрыңыз.
- Қоңырауға жауап беру үшін құлақ аспап түймешігін басып, ұстап тұрыңыз.
- Қоңырауды аяқтау үшін құлақ аспап түймешігін басып, ұстап тұрыңыз.

## Хабарламаларды жіберу және көру

Мәтіндік (SMS), мультимедиялық (MMS) немесе электрондық пошта хабарламаларын жіберуді және қарап шығуды үйреніңіз.

### Мәтінді немесе мультимедиялық хабарларды жіберу

1. Мәзір режимінде **Хабарламалар** → **Жаңа хабарлама жазу** → **Хабарлама** таңдаңыз.
2. Тағайындалған нөмірді немесе электрондық пошта мекен-жайын енгізіңіз де, төмен жылжыңыз.
3. Хабарлама мәтінін енгізіңіз.
  - ▶ Мәтінді енгізу  
Мәтінді хабарлама ретінде жіберу үшін 7-қадамға өтіңіз.  
Мультимедиа тіркеу үшін 4-қадамнан жалғастырыңыз.

4. **<Опциялар>** → **Мультимедианы үстеу**, элементті қосыңыз.
5. **<Опциялар>** → **Қосымша** → **Нысанды үстеу** басыңыз.
6. Нысанды енгізіңіз.
7. Хабарлама жіберу үшін **<Опциялар>** → **Жіберу** басыңыз.

### Электрондық пошта жіберу

1. Мәзір режимінде **Хабарламалар** → **Жаңа хабарлама жазу** → **Электрондық пошта** таңдаңыз.
2. Электрондық пошта мекен-жайын енгізіңіз және төмен айналдырыңыз.
3. Нысан енгізіңіз және төмен айналдырыңыз.
4. Хабарлама мәтінін енгізіңіз.

5. <Опциялар> → **Мультимедианы тіркеу** басыңыз және файл тіркеңіз (қажет болса).
6. Хабарлама жіберу үшін <Опциялар> → **Жіберу** басыңыз.

## Мәтін енгізу

Мәтінді енгізу барысында мәтін енгізу режимін өзгертуіңізге болады:

- T9 және АБВ режимдері арасында ажырата қосылу үшін [✱] басып тұрыңыз. Еліңізге қарай, өзіңіздің арнайы тіліңіз үшін енгізу режиміне қатынай алуыңыз мүмкін.
- Әріпті өзгерту немесе Нөмір режиміне қосылу үшін [✱] басыңыз.
- Таңба режиміне қосылу үшін [#] басып тұрыңыз.

Мәтінді келесі режимдердің бірінде енгізіңіз:

Режим	Функция
АБВ	Дисплейге қалаған таңба шыққанға дейін сәйкес әріптік-сандық клавишаны басыңыз.
T9	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сөзді толығымен енгізу үшін сәйкес әріптік-сандық клавишаларды басыңыз.</li> <li>2. Сөз дұрыс шыққан кезде бос орын енгізу үшін [#] басыңыз. Егер дұрыс сөз көрсетілмесе, шығатын тізімнен балама сөз таңдаңыз.</li> </ol>
Сан	Санды енгізу үшін сәйкес әріптік-сандық клавишаны түртіңіз.
Символ	Таңбаны таңдау үшін сәйкес әріптік-сандық клавишаны түртіңіз.

## Мәтінді немесе мультимедиялық хабарламаларды қарап шығу

1. Мәзір режимінде **Хабарламалар** → **Хабарларым** → **Кірген хабарламалар** таңдаңыз.
2. Мәтінді немесе мультимедиялық хабарлама таңдаңыз.

## Электрондық поштаны көру

1. Мәзір режимінде **Хабарламалар** → **Хабарларым** → **Email Кірген хабар-лар** таңдаңыз.
2. Тіркелгіні таңдаңыз.
3. **Жаңа электрондық пошта барлығын тексеру** таңдаңыз.
4. Электрондық пошта немесе шығарушы таңдаңыз.

5. Егер шығарушыны таңдасаңыз, электрондық поштаның негізгі мәтінін көру үшін **<Опциялар>** → **Алу** басыңыз.

## Контактілерді қосу және табу

Телефон кітапшансын қолданудың негіздерін үйрену.

## Жаңа контакт қосу


1. Күту режимінде телефон нөмірін енгізіңіз және **<Опциялар>** басыңыз.
2. **Сақтау** → жад орны (телефон немесе SIM) → **Жаңа** таңдаңыз.
3. Нөмір түрін таңдаңыз (қажет болса).
4. Контакт ақпаратын енгізіңіз.
5. Контакттыны жадқа қосу үшін **Растау** клавишасын немесе **<Опциялар>** → **Сақтау** басыңыз.

## Контакт табу

1. Мәзір режимінде **Кітапша** нұқыңыз.
2. Тапқыңыз келетін аттың бастапқы бірнеше әрпін енгізіңіз.
3. Контакт атауын іздеу тізімінен таңдаңыз.



Контакт табылған соң, келесілерді орындай аласыз:

- [] басу арқылы контактіге қоңырау шалу
- <Опциялар> → **Өзгерту** түрту арқылы контакт ақпаратын өзгертуіңізге болады.

## Негізгі камера функцияларын қолдану

Фотосуреттерді және бейнелерді түсіру және қарап шығу негіздеріне үйреніңіз.

### Фототсуреттерді түсіру

1. Мәзір режимінде, камераны қосу үшін **Камера** таңдаңыз.
2. Объективті нысанға дәлдеп, кез келген реттеулер жасаңыз
3. Суретке түсіру үшін Растау клавишасын басыңыз  
Фото автоматты түрде сақталады.
4. Басқа фотосурет алу үшін <**Артқа**> басыңыз (2-қадам).

## Фотоларды көру

Мәзір режимінде **Менің файлдарым** → **Суреттер** → **Менің фотосуреттерім** → фотосурет файлын таңдаңыз.

## Бейне түсіру

1. Мәзір режимінде, камераны қосу үшін **Камера** таңдаңыз.
2. Жазу режиміне қосылу үшін [1] басыңыз.
3. Объективті нысанға дәлдеп, кез келген реттеулер жасаңыз
4. Жазуды бастау үшін Растау клавишасын басыңыз.
5. Жазуды бастау үшін Растау клавишасын немесе <□> басыңыз.  
Бейне автоматты түрде сақталады.
6. Басқа бейне жазу үшін <↶> басыңыз (3-қадам).

## Бейнені көру

Мәзір режимінде **Менің файлдарым** → **Бейнежазбалар** → **Дауыс жазбалар** → бейне файлын таңдаңыз.

## Музыка тыңдау

---

Музыканы музыкалық плейер немесе FM радиосы арқылы тыңдауды үйреніңіз

### FM радиосын тыңдау

1. Жеткізілген құлақ аспапты қосыңыз.



- Радионы тыңдау үшін не 3.5 мм құлақаспапты, не S20 ұштықты құлақаспапты пайдаланыңыз. Дегенмен, дыбыс сапасы түрлі болуы мүмкін.
  - Радионы 3.5 мм құлақаспап арқылы тыңдау барысында телефоныңызға жол адаптерін немесе компьютердің деректер кабелін жалғамаңыз. Адаптер немесе кабель құлақаспаптың антенна ретіндегі қызметіне кедергі жасауы мүмкін.
2. Мәзір режимінде **FM радиосы** таңдаңыз.
  3. FM радиосын қосу үшін Растау клавишасын басыңыз.

4. Автоматты реттеуді бастау үшін **Ия** басыңыз.  
Бар радио станцияларды автоматты түрде тексереді және сақтайды.



- FM радиосына бірінші рет қосылғаныңызда сізге автоматты дәлдеуді бастауға кеңес беріледі.
5. Раио станциясына дейін жоғары немесе төмен айналдырыңыз.
  6. Тыңдап отырған радомо туралы ақпарат алғыңыз келсе **Опцияла**. → **Әуен табу** басыңыз ► 50-бет
  7. FM радиосын қосу үшін Растау клавишасын басыңыз.

## Музыка файлдарын тыңдау

Файлдарды телефоныңызға немесе жад картасына тасымалдаудан бастаңыз.

- Сымсыз тораптан қотару. ► 40-бет.
- Қосымша Самсунг PC студиясы арқылы ДК-ден қотару. ► 47-бет.
- Bluetooth арқылы қабылдау. ► 52-бет.
- Жад картаңызға көшіріп алу. ► 48-бет.
- Windows Media Player 11 арқылы үндестіру. ► 48-бет

Музыка файлдарын телефонға немесе жад картасына тасымалдаған соң,

1. Күту режимінде [►||] басыңыз.
2. Музыка санатын → музыкалық файл таңдаңыз.

3. Келесі клавишаларды қолдана отырып, ойнатуды басқарыңыз:

Клавиша	Функция
Растау	Ойнату тізімін ашу
►	Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру
▲/▼	Дыбыс қаттылығын реттеу
◀◀	Артқа өту; Файлды кері айналдыру (басып тұру)
▶▶	Алға өту; Файлды алға айналдыру (басып тұру)

## Вебке шолу

Таңдаулы веб-беттерге қатынау мен белгілеуді үйреніңіз

### Веб-беттерді шолу

1. Өзіңіздің қызмет жеткізушіңіздің өзіндік бетін ашу үшін Мәзір режимінде **Шолушы** → **Үй парағы** таңдаңыз.



**Шолушы** және **Үй парағы** қызмет жеткізушіңізге байланысты басқаша таңбалануы мүмкін.

2. Келесі клавишаларды қолдану арқылы веб-беттерді шарлау:

Клавиша	Функция
Шарлау	Веб-бетті жоғары және төмен айналдыру
Растау	Элемент таңдау

Клавиша	Функция
<Артқа>	Алдыңғы бетке оралу
<Опциялар>	Шолушы опциялары тізіміне қатынау

### Сүйікті веб-беттеріңізді белгілеу

1. Мәзір режимінде **Шолушы** → **Қосымшалар** таңдаңыз.



**Шолушы** және Өзіндік бет қызмет жеткізушіңізге байланысты басқаша таңбалануы мүмкін.

2. Бос орынға дейін айналдырыңыз.
3. <Опциялар> → **URL енгізініз** басыңыз.
4. Бет атауы мен веб мекенжайын (URL) енгізіңіз.
5. Растау клавишасын басыңыз.

# Қосымша функцияларды қолдану


Қосымша операцияларды орындауды және ұялы телефонның қосымша мүмкіндіктерін үйренуді үйреніңіз.

## Қосымша қоңырау функцияларын қолдану

Телефонның қосымша қоңырау мүмкіндіктері туралы біліп алыңыз

### Қабылданбаған қоңырауларды көру және теру

Телефоныңыз дисплейге қабылданбаған қоңырауларды шығарады. Қабылданбаған қоңырау нөмірін теру үшін,

1. <Көрініс> басыңыз.
2. Тергізіңіз келетін қабылданбаған қоңырауды түртіңіз.
3. Теру үшін [>] басыңыз.

## Соңғы терілген нөмірге қоңырау шалу

1. Күту режимінде соңғы нөмірлердің тізімін көрсету үшін [**↵**] басыңыз.
2. Қалаған нөмірге дейін барыңыз және теру үшін [**↵**] басыңыз.

## Қоңырауды ұстап қалу немесе ұсталған қоңырауды қайтару

